

## 2026 жылғы Өңірлік климаттық саммитке дайындалу, оны өткізу және ақпараттық сүйемелдеу жұмысын ұйымдастыру үшін жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2024 жылғы 21 мамырдағы № 69-ө өкімі.

2026 жылғы Өңірлік климаттық саммитке дайындалу мақсатында:

1. Осы өкімге қосымшаға сәйкес құрамда 2026 жылғы Өңірлік климаттық саммитке дайындалу, оны өткізу және ақпараттық сүйемелдеу жұмысын ұйымдастыратын жұмыс тобы (бұдан әрі – жұмыс тобы) құрылсын.

2. Жұмыс тобы үш ай мерзімде 2026 жылғы Өңірлік климаттық саммитке дайындалу, оны өткізу және ақпараттық сүйемелдеу жөнінде ұсыныстар әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Р.В. Склярға жүктелсін.

*Премьер-Министр*

*О. Бектенов*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2024 жылғы "21" мамырдағы  
№ 69-ө өкіміне  
қосымша

## 2026 жылғы Өңірлік климаттық саммитке дайындалу, оны өткізу және ақпараттық сүйемелдеу жұмысын ұйымдастыратын жұмыс тобының құрамы

Бектенов Олжас Абайұлы	-	Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, төраға
Скляр Роман Васильевич	-	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, төраға орынбасары
Әрінов Шыңғыс Сайранұлы	-	Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі
Әлназарова Ақмарал Шәріпбайқызы	-	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі
Балаева Аида Ғалымқызы	-	Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі
Нысанбаев Ерлан Нұралыұлы	-	Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрі
Нұржігітов Нұржан Молдиярұлы	-	Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрі

Нұрбек Саясат	-	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі
Сапаров Айдарбек Сейпілұлы	-	Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі
Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы	-	Қазақстан Республикасының Энергетика министрі
Такиев Мәди Төкешұлы	-	Қазақстан Республикасының Қаржы министрі
Шаққалиев Арман Абайұлы	-	Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрі
Шарлапаев Қанат Бисимбайұлы	-	Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрі
Омаров Қайрат Ермақұлы	-	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК